

ӘОЖ 811.512.122\*373.6

Тулекова Г. Х.  
«Авиациялық ағылшын тілі» кафедрасының  
профессоры, фил.ғ.к.,

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ЖӘНЕ ТАРИХИ МӘСЕЛЕЛЕР

### ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ

#### THE LATIN ALPHABET AND HISTORICAL PROBLEMS

**Аңдатпа.** Берілген мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ әліпбиінің қалыптасуы туралы айтылған. Кеңес өкіметі орнауымен бір мезгілде мәдениетті қайта құру шаралары жүзеге асырыла бастағаны кеңінен талданған. Елде ағарту ісін дамытуға баса назар аударылғаны тілдік фактілер арқылы берілген. Қазақтың ұлт зиялылары шығармашылық тұрғыда табысты еңбек етіп, мәдени құрылыс барысын жеделдетуге зор үлестерін қосқаны баяндалады.

**Түйін сөздер:** қазақ әліпбиі, мәдениет, ағарту ісі, тілдік факт, шығармашылық.

**Аннотация.** В этой статье рассказывается о становлении казахского алфавита в начале ХХ века. Широко анализируется, что перестройка культуры началась одновременно с установлением советской власти. Основное внимание уделяется развитию языка в стране. Отмечается, что казахская интеллигенция внесла большой вклад в творческую работу и ускорила процесс культурного строительства.

**Ключевые слова:** казахский алфавит, культура, образование, лингвистический факт, креатив.

**Abstract.** This article describes the formation of the Kazakh alphabet in the early twentieth century. It is widely analyzed that the restructuring of culture began simultaneously with the establishment of Soviet power. The main attention is focused on language development in the country. It is noted that the Kazakh intelligentsia made a great contribution to the creative work and accelerated the process of cultural construction.

**Key words:** Kazakh alphabet, culture, upbringing, linguistic fact, creative.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру. Қазақстан Республикасының Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», деп атап кеткен болатын [1, 20-б]. Қазіргі уақытта латын әліпбиіне көшуге байланысты әртүрлі мәселелер талқыланып жатыр.

Еліміздің, қазақ халқының тарихында араб графикасының ролі қандай болды, араб графикасынан латын графикасына көшу жұмыстары қалай жүргізілді деген мәселелерге тоқталайық. Ең алғаш рет А. Байтұрсынұлының әліпбиі ресми түрде тек 1924ж. қабылданғанды. Бұл графиканы 1913ж. Стамбулда өткен кеңесте түрік, араб, иран жазуының бәрі үлгі етуге пәтуаласқанмен, Қ. Жұбанов: «Мұнан бас тартып латын алфавитін қабылдауымызға ұйтқы болған Қазақстан емес, Бүкілодақтық орталық жаңа Алфавит комитеті Ғылыми кеңесінің қысымы ... Бұл жүйе қазақ тілінің ерекшелігіне әбден лайықты (тегінде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмайды), қазіргі алған жаңа әліпбиімізге де

өте қолайлы, өйткені араб жазуын таңбалау табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ алфавит біткенге бірдей үйлесімді», - деп атап көрсетті [2.]. Осыған байланысты, профессор Е.Д. Поливановтың: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, котором с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием», - деген болатын. Аталған пікірге қарамастан, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түріктанушылардың съезінен кейін 6 наурызда, А. Байтұрсынұлы әліпбиі бойынша қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады [2, 54- б.].

**Негізгі бөлім.** Осы орайда қазақ тілінің түпкілікті жазуы болады деген төте жазуды латын жазуына ауыстыруға түрткі болған І-бүкілодақтық түріктанушылар құрылтайының жұмысы туралы айта кетудің жөні бар. Өйткені съезд барша түркі халқының 600-ден астам зиялылары, Юдахин, Н.Ф. Яковлев, А.Н. Самойлович, В.В. Бартольд, Н.И. Ашмарин, Л.В. Щерба сынды Ресей ғалымдары, А. Байтұрсынұлы, Е. Омаров, Н. Төреқұлов, Т. Шонанұлы, Б. Сүлейұлы тәрізді қазақ білімпаздары бас қосқан, түркі халықтарының тілі мен жазуын жаңа белеске көтерген аса ірі тарихи оқиға болып саналады.

Съезде емле, жазу мәселелері бойынша Л.В. Щерба, Н.Ф. Яковлев, Жирков, Ф. Шараф, А. Байтұрсынұлы, Н. Төреқұлов, Е. Омаровтар баяндама жасады.

Жалпы латын әліпбиіне көшу жайлы алғашқы ресми пікір академик. Ә. Қайдардың 1993 жылдың 24 қазанындағы «Ана тілі» газетінде жарияланған «Латын әліпбиінің болашағы зор» атты мақаласынан бастау алды. Ғалым қазақ жазуының жедел түрде орыс графикасына көшуінің мынадай себебін келтірді: «Түркия елінің ғалымы, профессор Тимур Қожаоғлу «Жаңа түсінік» газетіне (09.081991) былай деп жазады: «Кеңес үкіметі 1927 жылы КСРО-дағы бүкіл түркі халықтары қолданып келген араб жазуын латын алфавитімен ауыстырды. Бірақ Түркияда да 1928ж. латын алфавиті түрік жазуы болып қабылданғандықтан кеңес басшылары Анатолия түріктері мен Кеңес Одағындағы түркітілдес халықтардың мәдени байланысының арта түсуінен қауіптеніп, 1939-1940жж. кейін оларға міндетті түрде кирилл алфавитінің бір-бірінен парқы бар алты түрін қабылдатқызды» [3, 54- б.].

Сол себепті ғалым ендігі әліпби ауыстыру саясаттың араласуынсыз еркін таңдауда болатынын және ол «ұлттаралық, халықаралық, жалпы дүниежүзілік таралу деңгейі жоғары», әрі «тілдік фактілерді» дәл таңбалаудың үлгісі ретінде ресми түрде халықаралық фонетикалық транскрипция болып қабылданған латын жазуы болу керектігін пайымдайды.

Әліпби жобасы түрік тілінің әліпбиіне ыңғайластырып жасалғандықтан қазақ тілінің әдеби нормасында жоқ (дж) дыбысына да әріп арналған. Бұл жобаның бір кемшін тұсы деп білеміз.

Академик. Ә. Қайдардың бұл үлкен бастамасы ғалымдар мен тілші қауым тарапынан қызу пікірталастың, идеялардың түрткісі болғаны белгілі.

Латын графикасына өтуді жақтаушылардың пікірінде, әсіресе программист, экономист мамандардың пікірінде латын жазуы дүниежүзілік аренаға шығу үшін, халықтың компьютерлік сауатын арттыру үшін, техникалық прогреске ілесу үшін қажет деген көзқарас басым болды.

Ғалым А. Мереке: «Электронды пошта, пейджинг саласында қазақ әріптерінің жоқтығынан небір сорақы сөздер жазылады. Қазақ мәтіні үшін арнайы драйвер алып жүру керек. Интернетте Web-бет құру үшін, пейджермен хабарласуға, электронды сөздік, электронды тілмаш жасау үшін, сөзді автоматты түрде тасымалдау үшін, орфографиясын жасау үшін латын жазуы керек», - деді [4.].

А. Шәріпбаев: «Қазақ әліпбиі компьютердің басқыш-тетігіндегі ағылшын әліпбиіне сәйкес болу керек, одан өзгертудің еш негізі жоқ; осы стандарт сақталынса ғана қазақ тілінің

құрылымдық жүйесін саралауға, компьютерлік өңдеудің ыңғайлы жүйесін жасауға кез келген графикадағы мәтінді оқып, оны басқа графикаға көшіруге болады. Сонда компьютерлендіру дегеніміз орфографиялық, терминологиялық, фразеологиялық сөздік жасау, қазақ тілінің грамматикасын автоматты түрде оқыта алатын және қазақ тілін басқа тілге және кері аудару алатын программа жасау болып табылады»,- деді [5, 3-6].

**Қорытынды және ұсыныстар.** Сонда әліпби ауыстырудың қажеттілігі қазақ тілін орыс тілінің әсерінен қорғау, тілдің табиғи дамуын күшейту, қазақ тілін сақтау үшін керек дегенге барып тіреледі.

Түркітілдес халықтардың латын графикасына көшу үрдісі лингвистикалық тұрғыдан кеңестік дәуірде зерттелді. Алайда, әліпби мәселесі түркі халықтарының мүддесі үшін емес, кеңестік орыстандыру идеологиясы тұрғысынан қарастырылды. Ал, бұл мәселенің саяси салдарлары туралы зерттеулер сталиндік кезеңнің режиміне сәйкес құпия жүргізіліп, әліпби реформасын жүргізудің түркітілдес халықтарға тигізетін шынайы әсері Кеңес үкіметі тарапынан ашық айтылмады. КСРО ыдырағаннан бергі уақытта бұл мәселенің лингвистикалық аспектісін Батыс Еуропа зерттеушілерімен қатар, негізінен, Түркия, Түркіменстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Ресей және Қазақстан ғалымдары терең зерттеп келеді. Әліпби ауыстыру мәселесі ұлттық сәйкестілікті өзгертуге негіздейтінін, жаһандану процесімен тығыз байланыстылығын, сондай-ақ басқа графикаға көшудегі мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымы елдің ішкі этносаяси және геосаяси бағыт-бағдарын қалыптастыруға негіз болатыны белгілі. [6, 2-6].

Осы ретте Қазақстанның этносаяси және геосаяси мәселелері туралы ғылыми зерттеулер жүргізген отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеудің маңызы зор. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын қарпіне көшіру туралы Жарлыққа қол қойғанын барша халық ыстық ықыласпен қабылдады. Бұл еліміздегі ерекше маңызды шешімдерінің бірі болды. Рухани жаңғыру – бұл төл әдебиетімізді, мәдениетімізді жаңғырту, ұлттық сананы ояту.

2018 жылы 19 ақпанында Елбасының №637 Жарлығымен латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі бекітілді. Олай болса, латын әліпбиіне көшудің маңызы зор.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір.
2. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1993, 18-20 – беттер.
3. Ә. Қайдар. //«Ана тілі» газеті, «Латын әліпбиінің болашағы зор» атты мақаласы, 1993 жыл, 24 қазан.
4. Мереке А. Латиница объединит тюрков // Новое поколение, 26.11.99.
5. Шәріпбаев А. Латынсыз, компьютерсіз көзіміз ашылмайды // Егеменді Қазақстан. 27.12.2000ж.
6. Итқұлов Қ. Лажы келсе, латынға көшсек // Заң газеті, 31.07.96.